
		"сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес шапалақтайды, "бояуды қуалап" кетеді. Егер "бояу қашып" қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **Еңбек:** қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Табиғат бұрышының мекендеушілерін е сүйіспеншілікті	**Өз бетімен ойналатын ойындар.** «Зырылдауықтармен ойын». Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.		

		арттыру. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу.			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қағазды бүктеу арқылы құс жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)** Жасаған құстарын сәндеу, әр түрлі бояулармен **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Құстың мүсінін ермексаздан жасау **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Заттың кеңістікте орналасуын үйрету. Оң, сол, алға, артқа, жоғары, төмен ұғымдарын дидкатикалық ойын карточкаларын ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)** Топтағы	Топтағы кітаптарға қарап, ішіндегі суреттері бойынша әр түрлі жиындар жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)** Құстардың қорегі, суретін салу. Ермексаздан дәндер жасау, қағаздардан түйіршік жасау. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	Аққу торғай, қарлығаш үлкен кіші екенін ажырату, салыстыру. **(зерттеу, танымдық іс-әрекет)** Барлық ертегі кейіпкерлері сыйатын достық үйін құрастыру құрылыс материалдарынан құрастыру. **(Танымдық, іс-әрекеті)** «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін сахналау. **(Қарым-қатынас іс-**	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Құстардың қысқы тіршілігі туралы фильм тамашалау. Балабақшадағы құстармен ауладағы құстардың тіршілігіне бақылау жасау. Өзіндік

		құстардың суреттерін тамашалау, қимылдарын жасап ұшу. Пазлдармен, бестемшемен еркін ойындар. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**		**әрекеті)**	тұжырымдамалар айта білуін жетілдіру. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс	Әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге дағдыландыру	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету	Заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу	Түстерді өз қалауы бойынша таңдай алуға көмектесу	Еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	**Күзгі**	**Жылы жаққа**	**Ағаштар мен**	**Аландағы**	**Күзгі желді**

	жәндіктерді бақылау Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. **Бақылау:** шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің	**ұшатын құстарды бақылау Мақсаты:** Күн суыған кезде, күздегі құстардың өмір сүру өзгерістері, жылы жаққа кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Қандай құстар жылы жаққа ұшады? (қарлығаш, аққу тырна, үйрек, қаз,) Олар неге жылы жаққа кетеді? Құстар топталып төмен ұшып жүрсе, олар	**бұталарға бақылау Мақсаты:** Алаңдағы бұтақтармен ағаштарға бақылау жасау. Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақтары түсіп жатқанына, алуан түске енуне назар аудару. **Болжам:** күзде жапырақтар ерте түссе, қыстың суық болады, сонымен катар қыс ерте басталады. **Мақал-мәтел:** Күздей бер, күздей берсең үзбей бер. **Тақпақ** «Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын	**өсімдіктерге бақылау Мақсаты:** күз мезгілінің екінші ерекшеліктері - алтын күзбен таныстыру; табиғатқа деген қызығушылықтарын арттырып, аялай білуге, тәрбиелеу. Тәрбиеші өсімдік жамылғыға назар аударады: ол неден тұрады, таныс өсімдіктерді атауды ұсынады (қарағаш, сирень, қайын, шырша т.б.); түрлері (ағаш, бұта шөп тектес өсімдік).күздің алғашқы айында өсімдіктердің өзгерістерін бақылау. (көбі гүлдеп, ұрық берді, құрады, жапырақтары түсті, тағы басқа өсімдіктер өліп қалды). **Болжам:** жапырақтар сарғайса да, баяу	**бақылау Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардын желден сыбдырлағаның тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапрырақтарды, жоғары қарай

	тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу. **Көркем сөз:** «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой.	жылы жаққа кетеді. Ең бірінші қарлығаштар кетеді, өйткені күн суығанда барлық жәндіктер жоғалалады, жаз бойы оларды ұстап қоректенген. Ең ақырғы үйректер, қаздар, тырналар кетеді, өйткені, өзен, көлдер беті қата бастайды, оларға тамақ табу қиындыққа түседі. **Көркем сөз:** Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе	ашады, Көлеңкесін тосады Көп қарағай,қарағай Мейірбанды анадай. **Жұмбақ:** Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (Жапырақ)	түссе, аяз жақында болмайды. **Көркем сөз:** Отырғыз ағаш көктемде Жөн болар еңбек еткенің Келмесе шамаң еккенге Сындырма жұрттың еккенің **Тақпақ:** Көк майсалы көрікті, Алқаптағы көк егін. Бұл күндері киіпті, Сары жібек көйлегін.	лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен. **Көркем сөз:** - Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің, - Мухит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін!

		жуықта Жем шашуды ұмытпа! –			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу	Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау.	Баласының жасап жатқан ойыншығына көмектесуін сұрау.	Ата анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «BAU-Bolashak» б/б «Болашақ»

Топ: мектепалды топ «Қарлығаш»

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 28.10 – 01.11.2025 оқу жылы

Қазан айы 2024 жыл 5 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.10.2024ж	Сейсенбі 29.10.2024ж	Сәрсенбі 30.10.2024ж	Бейсенбі 31.10.2024ж	Жұма 01.11.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау.	Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу .Күй қосу **Күй күмбірі**	Балалық шақ күйімен қарс ы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді

		білдіруге тарту			жалғастыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	«Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Міндеті: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	«Айырмашылығын тап» Міндеті: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге. Қазақ тілі	«Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру» Балаларға ұзындық туралы түсінік беру. Салыстыруға үйрету. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық	«Кеңістік» Міндеті: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет	«Саңырауқұлақтар» Міндеті: Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру. Міндеті: Саңырауқұлақтарды мүсіндеуге үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. Мүсіндеу Қазақ тілі

			ойларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет		
Таңертенгі жаттығу	**Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Ө**з орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоциямен,қисынды	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына ызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық	Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту **Математика негіздері**	Геометриялық фигуралардың,көгөністер,жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояуды жетілдіру **Сауат**

	дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету. **Сөйлеуді дамыту**	қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу **Көркем әдебиет**	талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету **Сауат ашу**		**ашу**
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы	**Көркем әдебиет** **Тақырып:** Мақта қыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда	**Математика негіздері** **Тақырып:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал	**Қазақ тілі** **Тақырып:** Мен және менің достарым Қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп	**Математика негіздері** **Тақырып:** Дөңгелек. Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш. **Қазақ тілі** **Тақырып:** Мамандықтың бәрі жақсы

	күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. 3. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. **Сауат ашу негіздері** **Тақырып:** Үнді дауыссыз дыбыстар Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.Үнді дауыссыздарды қайталату	бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу **Сауат ашу** **Тақырып:** Үнді дауыссыз дыбыстар Үнді дауыссыз дыбыстарды	ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Сауат ашу негіздері** **Тақырып:** Үнді дауыссыз дыбыстар Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы	және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету **Көркем әдебиет** **Тақырып:** Әдептілік әлемі (өлең оқу) Е.Өтетілеуұлы Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қаты-насын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сю-жеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу **Математика негіздері**	Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:** Тұқымнан не өсіп шығады Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі

	арқылы естерінде сақтату.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу **Дене шынықтыру** **Тақырып:** Командалық эстафеталар (таза ауада) Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу. **Шығармашылық:**	басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу **Дене шынықтыру** **Тақырып:** Ерекше сабақтар. Коммуникативті құзыреттілікті рін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту.	естерінде сақтату.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу **Дене шынықтыру** **Тақырып:** Акробат болғым келеді. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.Салауатты өмір сүруге баулу.Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағд/дыру **Сөйлеуді дамыту** **Тақырып:** Күзгі жапырақтар. Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар»	**Тақырып:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Музыка** **Тақырып:** Біздің рәміздер Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен	кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету **Музыка** **Тақырып:** Біздің рәміздер Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен

	«Құрастыру» Тақырып: Көңілді автобус Қатырғықағазды ортасынан қос бүктеу тәсілі арқылы автобусты құрастыруға үйрету; автобустың ұсақ бөлшектерін үлгіге сәйкес қиып дайындау, сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; құрылымдық шешімдер таба білуге, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. **Қоршаған ортамен танысу Тақырып:** Терезе алдында не өсіп тұр? Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылық тарын ояту, бақылау нәтижелерін	өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу	динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Еліміздің рәміздерін қастерлей, бағалай білуге тәрбиелеу	таныстыру. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Еліміздің рәміздерін қастерлей, бағалай білуге тәрбиелеу

		салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. б) Зерттеушілік мінез-құлық пен жаңаны танысам деген құлшынысын дамыту			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	**Алаңдағы өсімдіктерге бақылау** **Мақсаты:** күз мезгілінің екінші ерекшеліктері - алтын күзбен таныстыру; табиғатқа деген қызығушылықтарын арттырып, аялай білуге, тәрбиелеу. Тәрбиеші өсімдік жамылғыға назар аударады: ол неден тұрады, таныс	**Қайынды бақылау** **Мақсаты:** Қайынмен таныстыруды жалғастыру, олардың маусымдық өзгерістеріне және негізгі белгілеріне сипаттама беру. Тірі табиғатқа – қамқор бола білуге тәрбиелеу. .	**Ағаштар мен бұталарға бақылау** **Мақсаты:** Алаңдағы бұтақтармен ағаштарға бақылау жасау. Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақтары түсіп жатқанына, алуан түске енуне назар аудару. **Болжам:** күзде жапырақтар ерте түссе, қыстың суық болады,	**Жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау** **Мақсаты:** Күн суыған кезде, күздегі құстардың өмір сүру өзгерістері, жылы жаққа кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Қандай құстар жылы жаққа ұшады? (қарлығаш, аққу тырна, үйрек, қаз,) Олар неге жылы жаққа кетеді?	**Бақшадағы өсімдіктерді бақылау** **Мақсаты:** Бақашада өсетін өсімдіктерді ажырату, олардың адамға пайдасы, адамдардың қысқа дайындығы туралы түсінік беру. **Болжам:**Сарымсақтың қабығы қалың болса – қыстың аяз болғаны. **Тақпақ:** Апорт деген тәтті алма Өседі ол бақтарда Апорт деген тәтті алма

	өсімдіктерді атауды ұсынады (қарағаш, сирень, қайын, шырша т.б.); түрлері (ағаш, бұта шөп тектес өсімдік).күздің алғашқы айында өсімдіктердің өзгерістерін бақылау. (көбі гүлдеп, ұрық берді, қурады, жапырақтары түсті, тағы басқа өсімдіктер өліп қалды). **Болжам:** жапырақтар сарғайса да, баяу түссе, аяз жақында болмайды. **Көркем сөз:** Отырғыз ағаш көктемде Жөн болар еңбек еткенің Келмесе шамаң еккенге Сындырма жұрттың еккенің **Тақпақ:** Көк майсалы көрікті, Алқаптағы көк егін.	**Тақпақ:** Ақ қайын Алатауды бөктерлей Өседі ылғи ақ қайың Жапыраға көкпеңбек Жайқалады жаз сайын Н. Әлімқұлов **Қимыл – қозғалыс ойын:** «Аталған ағашқа жүгір». **Мақсаты:** тез, шапшаң аталған тоғайды табуды жаттықтыру. **Алаңдағы еңбек:** алаңға түскен жапырақтарды, қураған бұтақтарды жинау	сонымен катар қыс ерте басталады. **Мақал-мәтел:** Күздей бер, күздей берсең үзбей бер. **Тақпақ** «Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады Көп қарағай,қарағай Мейірбанды анадай. **Жұмбақ:** Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (Жапырақ) **Қозғалмалы ойын:** «Тығылмақ» **Мақсаты:** шапшаңдыққа, ептелікке жетілдіру. **Алаңдағы еңбек**: Ағаштардан түскен әдемі жапырақтарды жинап, олардан жапсыра отырып бір бейне жасау. (балық, қоян, кірпі)	Құстар топталып төмен ұшып жүрсе, олар жылы жаққа кетеді. Ең бірінші қарлығаштар кетеді, өйткені күн суығанда барлық жәндіктер жоғалалады, жаз бойы оларды ұстап қоректенген. Ең ақырығы үйректер, қаздар, тырналар кетеді, өйткені, өзен, көлдер беті қата бастайды, оларға тамақ табу қиындыққа түседі. **Көркем сөз:** Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта Жем шашуды ұмытпа! – **Қимыл-қозғалыс ойын**:«Торғай мен мысық» Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. **Еңбек әрекеті:** Құс қауырсындарын жинау.	Өседі ол бақтарда. **Жұмбақ:** Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды, Күзде кетер қоштасып, Кім біледі .. (торғайды)? **Қозғалмалы ойын:** «Ұшақтар». **Мақсаты:** жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрет, достастыққа тәрбиелеу.. **Алаңдағы еңбек:** қураған өсімдіктерді жинау

	Бұл күндері киіпті, Сары жібек көйлегін. **Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар» **Мақсаты:** балалардың көңіл күйін көтеру. **Алаңдағы еңбек:** Жапырақтарды жинау.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін				

	дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористикалық дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, мысық пен күшіктің мүсінін жасау, суретін салу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өзбетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойданқұрастыруға баулу	Жидектердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуін ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Балалардың қалауы	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша жаттау. **Төрт-түлік** Түйе – малдың үлкені, Жылқы – малдың үркегі. Сиыр – малдың сүттісі, Қой–түліктіңқұттысы. *С.Қасиманов* **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Төрт түлік малдың	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын,	Мұражайға барғанда алған әсерлері бойынша, көрген немесе ұнатқан бейнесін салуына жағдай жасау. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Мұражай атты компазиция жасауды басқару. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)**

	(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті) Кітаптарды қарау, мысық пен күшік туралы әңгімелесу.Ертегіні сахналауға мүмкіндік беру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылық іс-әрекет),**	қалауы бойынша суретін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыру. **(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату. **(еңбек іс-әрекеті)**	жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **(бейнелеу іс-әрекеті)** Ертегілерді үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	
Балалармен жеке жұмыс	Ою - өрнектерінің түрлерін таныстыру	Құстарды ажыратуға, пайдасы туралы айтуға, қамқорлық жасауға баулу	Салыстыру тәсілдерін қолдануға үйрету	Әңгімелесушіні мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйрету	Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алуына көмектесу
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол				

	орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Мысық пен күшік неден қорқады? Олар нені жақсы көреді? Балалардың жауабын талқылау. Топтан алып шыққан қоректерді мысық пен күшікке беру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Мысық пен күшік туралы білетін көңілді әндерді тыңдап, еркін би қимылдарын жасату.	Балабақша аумағында шашылып жатқан ағаш бұталарын жинату. **(еңбек іс-әрекеті)** Қимылды ойын **Ақсерек-көксерек.**	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Төрт түлікті лего құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өзбетіншеойданқұрастыруға баулу **(танымдық іс-әрекеті)** Қимылды ойын **Қыз –қуу**	Қимылды ойын «Қу түлкі» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласында түскен бұталарды жинату**. (танымдық, еңбек іс-әрекет)** Қимылды ойын **Түйілген орамал.**	Қимылды ойын «Қармақ» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылдыойын **Сақина жасыру**

	(Музыка) Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» Еркін ойындар				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Кеңес: «Бала мен қоғам»

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «BAU-Bolashak» б/б «Болашақ»

Топ: мектепалды топ «Қарлығаш»

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 03.11 – 07.11.2025 оқу жылы

Қараша айы 2025 жыл 1 апта

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Жауапты болу

Уәделерді орындаи білу

Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.11.2025 ж	Сейсенбі 04.11.2025 ж	Сәрсенбі 05.11.2025ж	Бейсенбі 06.11.2025ж	Жұма 07.11.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;				

өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Адалдық әліппесі** **Ойын:** «Шындық жолы» Тәрбиеші әртүрлі жағдаяттарды айтады. Мысалы: – «Бала қателесіп, мойындады» – «Бала достарының затын алып қойды» Балалар дұрыс жауап бойынша «шындық жолымен» жүреді.	**Құқықтық сауаттылық** **Ойын:** «Менің құқығым бар!» Тәрбиеші карточканы оқиды, балалар: – «Бұл менің құқығым» немесе «Бұл менің міндетім» – деп жауап береді.	**Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** **Ойын:** «Біздің мектеп – біздің үй» Балалар бірге үлкен «үй» құрастырады. Әр бөлікті жапсырған сайын тәрбиеші сұрайды: – «Бұл үй не үшін?» – «Біз бірге не үйрендік?»	**Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** **Ойын:** «Салт-дәстүрді тап!» Тәрбиеші салттардың суреттерін немесе бейнелерін көрсетеді (тұсаукесер, бата беру, бесікке салу). Балалар дәстүрдің атауын және оның мағынасын айтады.	**Ерте кәсіптік бағдар беру** **Ойын:** «Кімге не керек?» Тәрбиеші суреттерді араластырып қояды да: – «Бұл құралды кім қолданады?» деп сұрайды. Балалар сәйкес маманды табады және оның не істейтінін айтады. Мысалы: – «Дәрігер науқасты емдейді», – «Құрылысшы үй салады».

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:**Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту**	**Көркем әдебиет**	**Математика**	**Қазақ тілі**	**Математика**

	Тақырыбы: Дыбыстар әлеміне саяхат **Кіріспе:** Балаларға дыбыстардың сөйлеудегі маңызы туралы түсінік беру, сөйлеу мүшелерін жаттықтыру **Міндеті:** Б-п, к-қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету Айтылуы ұқсас дыбыстарды ажырата білуге баулу Тыңдап есте сақтау қабілетін дамыту **Әдісі:** Түсіндіру, айнамен жаттығу, ойын «Қай дыбысты естідің?» **Тапсырмасы:** Тәрбиеші сөздер айтады: *бал – пал, қала – қана* Балалар қай дыбыстың	**Тақырыбы:** Ертегі еліне саяхат **Кіріспе:** Балаларды ертегілер әлемімен таныстыру, әңгімені тыңдау және мазмұнын түсіну дағдыларын дамыту **Міндеті:** Шығарманың мазмұнын тыңдап, оны өз сөздерімен әңгімелеуге үйрету Оқиғаның басталуы мен аяқталуын ажырату Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру **Әдісі:** Тыңдату, сұрақ-жауап, әңгімелеу **Тапсырмасы:** Тәрбиеші «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқиды Балалар оқиғаның басты кейіпкерлерін атайды және не болғанын қысқаша айтып береді	**негіздері** **Тақырыбы:** Ұзын, қысқа, биік, аласа **Кіріспе:** Балаларды заттардың ұзындығы мен биіктігін салыстыруға үйрету **Міндеті:** Заттардың ұзындығы мен биіктігін анықтау Ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын қолдануға дағдыландыру **Әдісі:** Көрсету, салыстыру, ойын «Кім ұзын? Кім қысқа?» **Тапсырмасы:** Тәрбиеші түрлі қарындаш, таяқ, жолақтарды көрсетеді Балалар ұзын және қысқасын анықтайды	**«Аңшылық пен орманшы еңбегі»** **Сөздік жұмысы:** *аң, аңшы, орманшы, қорықшы, тұзақ, мылтық, із, орман.* **Әңгіме:** – Аңшының еңбегі қандай? – Орманшы нені қорғайды? **Дыбыстық жұмыс:** Қ, ғ дыбыстары бар сөздерді анық айту: *қоян, ғажайып, қорықшы, орман.* **Грамматикалық жаттығу:** Сұраулы сөйлем құру: «Аңшы нені көрді?» «Қоян қайда тығылды?» **Байланыстырып сөйлеу:** Балалар сурет бойынша аңшы туралы 4–5 сөйлемнен тұратын	**негіздері** **Тақырыбы:** Кең, тар, жуан, жіңішке **Кіріспе:** Заттардың енін және жуандығын салыстыруға үйрету **Міндеті:** Заттардың ені мен жуандығын ажырату Кең – тар, жуан – жіңішке сөздерін сөйлемде қолдану **Әдісі:** Көрнекілік, әңгімелеу, ойын «Қайсысы жуан?» **Тапсырмасы:** Екі түрлі лента мен қарындашты салыстыру Балалар: «Бұл жуан, ал мынау жіңішке» деп айтады **Қазақ тілі**

	айырмашылығы бар екенін табады Айна алдында дыбыстау жаттығуын жасайды **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз деген не? **Кіріспе:** Балаларға әрбір сөздің белгілі бір мағынасы бар екенін түсіндіру **Міндеті:** Сөздің мағынасын түсінуге баулу Сөздер арқылы ойды жеткізуді үйрету Сөзге қызығушылығын арттыру **Әдісі:** Түсіндіру, әңгімелеу, ойын «Сөз тап!»	**Сауат ашу** **Тақырыбы:** Дыбыстарды естіп табайық **Кіріспе:** Сөздің дыбыстардан тұратынын ұғындыру **Міндеті:** Сөздегі дыбыстардың ретін ажыратуға үйрету Дауысты және дауыссыз дыбыстарды таныту **Әдісі:** Тыңдату, талдау, ойын «Қай дыбыс басында?» **Тапсырмасы:** *Ала, бала, доп, гүл* сөздерін дыбыстарға бөлу Дауысты дыбыстарды қызылмен, дауыссызды көкпен белгілеу	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбыстарды естіп табайық **Кіріспе:** Сөздің дыбыстардан тұратынын ұғындыру **Міндеті:** Сөздегі дыбыстардың ретін ажыратуға үйрету Дауысты және дауыссыз дыбыстарды таныту **Әдісі:** Тыңдату, талдау, ойын «Қай дыбыс басында?» **Тапсырмасы:** *Ала, бала, доп, гүл* сөздерін дыбыстарға бөлу Дауысты дыбыстарды	әңгіме құрайды. **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Басталған әңгімені жалғастыр **Кіріспе:** Балалардың қиялын дамыту, әңгіме мазмұнын бірізділікпен жеткізуге үйрету **Міндеті:** Сюжеттің жалғасын қисынды ойлап табу Диалог арқылы кейіпкерлердің сөйлесуін бейнелеу Шығармашылық ойлауын дамыту **Әдісі:** Әңгімелеу, ойын «Менің ойымша...», топтық жұмыс **Тапсырмасы:** Тәрбиеші әңгімені бастайды: *Бір күні орманға кішкентай тиін барды...* Балалар топпен	**«Қазақтың ұлттық киімдері»** **Сөздік жұмысы:** *шапан, камзол, сәукеле, тақия, кебіс, етік, белбеу.* **Фонематикалық жұмыс:** Ө, ү, ұ дыбыстарын бекіту: *үкі, ұл, өрнек, қымбат.* **Ойын:** *«Кімнің киімі?»* Тәрбиеші сурет көрсетеді: «Бұл кімнің шапаны?» — «Атаның шапаны.» «Бұл кімнің сәукелесі?» — «Апайдың сәукелесі.» **Байланыстырып сөйлеу:** – Қазақтың ұлттық киімдері әдемі. – Камзол мен сәукеле оюлы. – Біз мерекеде

	Тапсырмасы: Тәрбиеші затты көрсетіп, балалар атын атайды (доп, гүл, алма) Балалар бұл заттар не үшін керек екенін айтады **Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа ашу; отыру және алға еңкею. **Негізгі қимылдар:** Шашырап жүгіру, тізені жоғары көтеріп жүгіру; кедергілер арасымен «жыланша» жүгіру (1–1,5 минут).	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар:** Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белден еңкею; арқа мен аяқ бұлшықеттерін созу. **Негізгі қимылдар:** Бір қатарда жүгіру, бағытты өзгертіп жүгіру; жүру мен жүгіруді кезектестіру (100 м). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қол мен аяқ қимылдарын музыка ырғағымен үйлестіру. **Спорттық жаттығулар:** Допты оң және сол аяқпен жүргізу. **Қимылды ойын:** *«Жылдам бол!»* — нысанаға дейін тез жету. **Салауатты өмір салты:**	қызылмен, дауыссызды көкпен белгілеу **Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар:** 3–5 метр қашықтықта бір бала екіншісінің аяғынан ұстап, қолмен жүру; арқаға арналған – алға, артқа еңкею. **Негізгі қимылдар:** Кедергілер арасымен жүгіру; 20 метрге жылдамдыққа жүгіру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкамен секіру, бұрылу, ырғаққа сай шапалақтау.	жалғастырып айтады **Математика негіздері Тақырыбы:** Заттарды ретімен орналастырамыз **Кіріспе:** Заттарды өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету **Міндеті:** Заттарды шамасы бойынша реттеу Математикалық терминдерді қолдануға баулу (үлкен, кіші, ұзын, қысқа) **Әдісі:** Ойын, көрнекілік, топтық жұмыс **Тапсырмасы:** 5 түрлі ұзындықтағы таяқшаны өсу ретімен орналастыру	ұлттық киім киеміз. **Қоршаған әлеммен таныстыру Тақырыбы:** Мамандықтар әлемі **Кіріспе:** Әртүрлі мамандықтармен таныстыру және олардың еңбегін бағалауға баулу **Міндеті:** Мамандық атауларын танып-білу Әр кәсіптің қоғамға пайдасын түсіндіру **Әдісі:** Көрнекілік, ойын «Бұл кімнің еңбегі?», әңгімелеу **Тапсырмасы:** Суреттер көрсету: дәрігер, аспаз, мұғалім, құрылысшы Балалар олардың не істейтінін және

	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыка әуенімен шапалақтау, қолды жоғары көтеру, айналу, секіру. **Спорттық жаттығулар:** Гимнастикалық қабырға жанында тепе-теңдік жаттығулары. **Қимылды ойын:** *«Жүгір, ұста, тұр!»* — тәрбиешінің белгісімен жүгіру, тоқтау, бұрылу. **Салауатты өмір салты:** Дұрыс тамақтанудың маңызы туралы әңгіме. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолды жуу, тісті	Күн тәртібі мен гигиенаның денсаулыққа әсерін түсіндіру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Ас ішу әдебін сақтау, майлық қолдану. **Сауықтыру шаралары:** Қол мен бетті салқын сумен шаю. **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыру** Тақырыбы: Түстер мен пішіндер әлемі **Кіріспе:** Балаларды түстер мен пішіндердің әртүрлі болатынын байқауға, оларды салыстыруға, заттың бөліктерін үйлестіріп бейнелеуге үйрету.	**Спорттық ойын элементтері:** Допты бағытқа қарай тебу, заттарды айналып өту. **Қимылды ойын:** *«Допты қақпаға дәл түсір!»* **Салауатты өмір салты:** Дене қозғалысы мен таза ауа пайдасы туралы айту. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Жеке заттарға ұқыпты қарау. **Сауықтыру шаралары:** Табан бұлшықеттерін дамытуға арналған жалаңаяқ жаттығулар.	**Музыка** **«Музыка айналамызда»** **Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар «Сәлем, музыка!» әнін айтып, бір-біріне күлімдеп қарайды. Музыкалық көңіл күй орнатылады. **Музыка тыңдау:** Қазақ халық аспаптарындағы қысқа күйлер мен табиғат дыбыстарын тыңдау. Музыка арқылы қандай құбылыстарды бейнелеуге болатынын талқылау. **Ән айту:** «Құстар ұшты» әнін орындау. Бірінші октаваның «ре» нотасынан бастап, таза дауыспен айтуға назар аудару.	кімге көмектесетінін айтады **Музыка** **«Табиғаттың үні»** **Ұйымдастыру кезеңі:** «Қайырлы таң, достар!» амандасу әні орындалады. **Музыка тыңдау:** Бір баяу, бір жылдам әуен тыңдалады. Балалар қай әуеннің желге, қайсысының жаңбырға ұқсайтынын анықтайды. **Ән айту:** «Жел мен жаңбыр» әні. Әуеннің ырғағына сай, дауыс күші мен тыныс алу дағдысын қолдану.

	тазалау, сүлгімен сүрту. **Сауықтыру шаралары:** Таңертеңгі жаттығу орындау, тыныс алу жаттығулары. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы:** Еңбек – бәрін жеңбек **Кіріспе:** Балаларға еңбектің маңызы мен мәні туралы түсінік беру **Міндеті:** Еңбектің адам өміріндегі рөлін түсіндіру Еңбек етуге қызығушылық пен құрмет сезімін қалыптастыру **Әдісі:** Әңгімелеу,	**Міндеті:** Заттардың пішінін және бөліктердің орналасуын дұрыс бейнелеуге баулу Қол қимылдарын жетілдіру және ұқыптылыққа тәрбиелеу Бірнеше бейнелеу тәсілдерін қолдануға (сурет, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) үйрету **Әдісі:** Көрсету, түсіндіру, тәжірибелік іс-әрекет, әңгімелеу **Тапсырмасы:** – Балалар дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерін бояйды (сурет салу) – Сол пішіндерден қағаз арқылы сурет құрастырады (жапсыру) – Пластилиннен пішінге ұқсас зат мүсіндейді (мүсіндеу)	**Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Г және Ғ дыбыстарының достығы **Кіріспе:** Балаларға г және ғ дыбыстарының айтылу айырмашылығын түсіндіру **Міндеті:** Г және ғ дыбыстарын дұрыс айту Сөз ішінде дыбыстарды ажырату Сөйлемде қолдануға үйрету **Әдісі:** Түсіндіру, суретпен жұмыс, ойын «Кімде ғ дыбысы бар?» **Тапсырмасы:** *гүл, ғарыш, шегіртке,*	**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың сипатына сәйкес жеңіл жүгіру, баяу жүру, жүрелеп отыру арқылы әуенді сезіну. **Балалар аспаптарында ойнау:** Дауылпаз және сылдырмақ аспаптарымен ырғақ соғу. **Қоштасу кезеңі:** Музыка әуенімен «Сау болайық!» әнін орындау.	**Музыкалық қимылдар:** Жел соғып тұрғандай еркін қимылдар, жаңбыр тамшысын бейнелейтін секірістер. **Аспаптарда ойнау:** Металлофонда «жаңбыр тамшысы» ырғағын орындау. **Қоштасу кезеңі:** Баяу әуенмен шеңбер бойымен қол бұлғап қоштасу.

	сұрақ-жауап, көрнекілік көрсету **Тапсырмасы:** Тәрбиеші «Еңбек етсең ерінбей...» тақырыбында әңгіме жүргізеді Балалар өздерінің үйдегі және балабақшадағы еңбектері туралы айтады	– Конструктор бөлшектерінен сол пішінге сәйкес қарапайым бейне жасайды (құрастыру)	*аяқ* сөздерін талдау Сөйлем құрастыру: *Мен гүлді жақсы көремін* Дыбысты дұрыс айтуға жаттығу		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды				

	дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге

	үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр». Міндеті:Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. Мүсіндеу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Міндеті:Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді» Міндеті:Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Міндеті:Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті
